

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Ақмола облысының ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария және орман шаруашылығы саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Ақмола облыстық мәслихатының 2017 жылғы 29 наурыздағы № 6С-9-7 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 мамырда № 5928 болып тіркелді.

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Ақмола облыстық мәслихатының 25.10.2019 № 6С-38-3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабы 9-тармағына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Ақмола облысының ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария және орман шаруашылығы саласындағы мамандарға, облыстық бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелері белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облыстық мәслихатының 25.10.2019 № 6С-38-3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облыстық
мәслихаты сессиясының
төрағасы

Т.Болатов

Ақмола облыстық
мәслихатының
хатшысы

Д.Нұрмолдин